

САРБАЗ БОЛУ – ӘР ЖІГІТКЕ ЖАРАСАДЫ



Кереметтері көп «КЕТПЕН»...



ОСНАЩЕНИЮ – ПОВЫШЕННОЕ ВНИМАНИЕ



В ДУХЕ СОПЕРНИЧЕСТВА И РЕШИМОСТИ



“ПО СИНИМ ВОЛНАМ” – СЕРИАЛ О МОРСКИХ ПОГРАНИЧНИКАХ

В октябре текущего года на телеканале «Astana TV» стартовал показ художественного телесериала «По синим волнам», первого в Казахстане многосерийного фильма, посвященного деятельности Береговой охраны Пограничной службы КНБ, созданного по заказу Министерства культуры и информации Республики Казахстан.



Впервые на отечественном телевидении зрителям показали будни и службу морских пограничников, в частности – охрану государственной границы на Каспийском море, предупреждение незаконной деятельности браконьеров и пресечение активности криминальных элементов на море и на берегу.

«По синим волнам» представляет собой приключенческий экшн о четырех молодых людях с разными характерами и социальными статусами, которые по воле судьбы встречаются в Казахстане морской академии. Получив теоретические знания, героев сериала направляют на практику в подразделения Береговой охраны Пограничной службы КНБ, где их ждут невероятные приключения, подобные детективным историям, а вместе с тем и ощущение причастности к высокой ответственности по защите морских рубежей страны.

На Каспии молодые люди оказываются в сложных и порой стрессовых ситуациях, из которых они выбирают, полагаясь на свою сообразительность, и помощь друга. Испытания судьбы, необычные случаи и происшествия в повседневной жизни все больше спланивают героев. Но настоящей командой они становятся лишь тогда, когда перед ними встает общий враг, чья деятельность на Каспии

имеет криминальный характер.

По словам создателей киноленты, драматическая 16-серийная мелодрама, полная приключений и интриг, не оставит равнодушными никого. Каждая серия погружает зрителя в сложную повседневную жизнь морских пограничников. Вместе с героями телезритель узнает об особенностях службы в рядах береговой охраны, традициях и обычаях морских стражей, основанных на высоком чувстве воинского долга, патриотизме и ответственности за защиту своей Родины.

Необходимо отметить, что большой вклад в создании киноленты внесла и Пограничная служба КНБ, оказав съемочной группе всю необходимую материально-техническую помощь и поддержку, предоставив корабли, катера и автотранспорт, а также военных консультантов.

Кроме того, в эпизодах и ролях второго плана снимались сами военнослужащие береговой охраны. Надо сказать, что участники картины с большой ответственностью отнеслись к съемкам, а командиры привлекаемых подразделений сделали все, чтобы не было срывов графика съемок, оперативно решали организационные моменты и вопросы консультативного характера.

Съемки художественного фильма проходили на территории пограничного управления по Каракиянскому району,

первого и второго дивизионов береговой охраны Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской области, расположенных в городе Актау и селе Баутино.

Главный продюсер сериала Гульназ Алтынбек выразила огромную признательность и благодарность пограничному ведомству, в лице Заместителя Председателя КНБ – Директора Пограничной службы генерал-майора Ерлана Алдажуманова и начальника Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской области полковника Саната Жуманова.

– За время съемок пограничники поделились с нами ценными знаниями и советами, предоставили доступ к военным кораблям и объектам, проконсультировали по наиболее важным вопросам военно-морской службы и обеспечили безопасность съемочной группе. Все это способствовало созданию детальных кадров и реалистичных сцен, которые могут донести до зрителей суть и службу морских пограничников. Это важно, потому что кино, вдохновленное настоящей жизнью, всегда более убедительно и привлекательно, – поделилась главный продюсер сериала.

За неоценимый вклад в создании киноленты, съемочная группа также выразила особую благодарность военнослужащим Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской области, которые принимали непосредственное участие в создании картины.

**Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР».
Фото автора.**



МЕЛОДРАМА

2

5

6

11

САРБАЗ БОЛУ – ӘР ЖІГІТКЕ ЖАРАСАДЫ

Ал соның алдында ғана, 22 қазан күні аталған департаментке қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының кәсіптік-техникалық және дайындық бөлімі өткізген салтанатты шараға сарбаздардың ата-аналары мен туыстары, достары қатысты. Сондай-ақ, Отан қорғаушыларымыздың қатарына тұрған жас азаматтардың өміріндегі маңызды оқиғаға ортақтасу үшін Шекара қызметінің ардагерлері келді.

...Рәсімді ашқан Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Әлібек Каюповтың бұйрығымен, Жауынгерлік ту көтерушілер тобы саптық алаңды кесіп өтіп, белгіленген орындарына барып тұрды. Бұл – мемлекеттік туды көтеретін маңызды сәттің келіп жеткенін білдіретін еді.

Сарбаздардың ант қабылдау сәті. Бұл күнге олар бір ай бойы дайындалды. Саптық дайын-



қару ұстап, Отан оғландарының қатарына қосылған сарбаздардың Ант қабылдау секілді маңызды қадамдарына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, Ұйғыр ауданының әкімі Бота Елеусізова, шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалының белсенді мүшелерінің бірі запастағы полковник Дәулетқали Мамырханов, мәртебелі қонақтардың бірі Гүлнара Стамбекова, ата-аналар атынан қатардағы жауынгердің атасы Арқалық Тұрғанбеков, сарбаздың анасы Әсем Тұрсыновалар сөз сөйледі. Бұдан кейін кезек қатардағы жауынгерлер Қуаныш Арқабай және Дулат Буралкиевтерге берілді. Қос сарбаз мінбер үстінде ата-ана, туыстарының өздеріне білдірген сенімдеріне селкеу түсірмейтіндеріне сөз беріп қана қоймай, сап түзеген қаруластарын да осындай жауапты міндеттің үдесінен шығуға шақырды.

Осының барлығы сарбаздармен бірге сапқа тұрған «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубы мүшелерінің көз алдында өтіп жатқан...

Ал Г.Стамбекова өзінің бізге берген бөлек сұқбатында, шекарашылардың жүрегінде мәңгі сақталатын сардар інісі жайлы ешқашан ескірмейтін естеліктерімен бөліскен соң бауырына қатысты ақжолтай жаңалықты жеткізді. Қарашаның басында Алматы облысы Талғар ауданына қарасты Панфилов ауылында Тұрғанбек Стамбеков атындағы көшенің ашылу рәсімі өтеді...

Бұдан әрі салтанатты мереке әскери шерумен жалғасты. Шеруді шекара басқармасының бастығы полковник А.Бектасов басқарды.

Шара соңында Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының арнаулы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар тобы «мемлекеттік шекара бұзушыларды» ұстаудың әдістерін паш етуге кірісті. Сондықтан орталық алаң бір-ақ сәтте тарсыл-гүрсілге толып, ақырында «каскайлер» қолға түсті. Осының барлығы шекарашылар шеберлігінің деңгейі шырқау биікке шыққанын көрсетеді.

...Осының барлығы аяқталып, сарбаздар қаруларын тапсырған соң оларға алыстан ыстық сағынышпен жеткен ата-әже, әкешесі, бауырларымен қауышуға рұқсат берілді.

Осылайша, бүгінгі күн – әрбір сарбаздың жүрегінде мәңгі сақталып қалатын болады. Өйткені, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен Тәуелсіздігіміздің төл құжатына қол қойылған – Республика күні Отанына адал қызмет етуге ант берді! Ұмытылмайтын атаулы күн!

Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген
автор.

Казан айында халқымыз Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық мерекесін кең атап өтті. Міне, осынау айтулы күні ҰҚК Шекара қызметінің сапын толықтырғандарына көп болмаған «Күз-2023» шақырылымының сарбаздары Отанына адал қызмет етуге ант берді. Қалың жұртшылық қатысқан салтанатты рәсім Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасында есте қаларлықтай болып өтті.

дықтарын шыңдай жүріп, әскери өмірге қалыптасудан өтті. Осы аралықта бірде бір сарбаз әскерде қызмет атқарудан бас тартқан жоқ. Есесіне, араларынан мерзімді қызметтен соң әскерде қалғысы келетін немесе әскери жоғары оқу орындарына түскісі келетін сарбаздардың қатары уақыт өткен сайын көбейіп келеді. Бұған дер кезінде жүргізілген үгіт-насихат жұмыстарының да тигізген көмегі орасан.

... «Мен, қатардағы жауынгер...». Осылай жалғасып кете беретін мәтінді асқақ үнмен оқыған әрбір жауынгерді департамент басшысы бастаған қонақтар құтықтап, қасиетті еліміздің шекарасында қызмет етуге тілек білдірді.

Иә, оларды алда еліміздің қасиетті шекарасы күтіп тұр. Ал шекараға білімді де білікті мамандар қажет. Бұл үшін сарбаздар Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының оқу базасында байланысшы, аспаз, санитарлық нұсқаушы секілді мамандықтарды игеретін болады.

...Салтанатты ант қабылдау рәсімін жалғастырған жиында сөз департамент бастығы полковник Ә.Каюпов, Шекара қызметінің ардагерлері, сондай-ақ сарбаздар атынан қатардағы жауынгерлер Дамир Сұлтанкерей және Павел Касьяненкоарға берілді. Шекарашы атанып, ата-аналарының көз қуаныштарына айналған қос сарбаз қаруластарын Отандарына

адал қызмет етуге шақырды. Өйткені шекарада қызмет ету – әркімге бұйыра бермейтін бақ.

Қасиетті шекарамыздың сызатсыздығына ерен үлес қосқан сарбаздарды еліміздің ондаған жоғары оқу орындары мен отандық және шетелдік әскери білім ұстаханалары күтіп тұр. Қайсысын таңдаймын десе де сарбаздың өз еркі. Міне, рәсім аяқталып, шағын концерт өткен соң ата-аналардың алдында сөз сөйлеген департамент офицері майор Р.Смаилов мерзімді қызметтің сарбаздарын азаматтық өмірде зор мүмкіндіктердің күтіп тұрғанын жеткізді.

...25 қазан. Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің күз айында әскерге шақырылған жас сарбаздарға арналған екінші шарасы Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының орталық саптық

алаңында өтті. Бүгін мұнда 400-ден аса сарбаз Отан алдындағы серттеріне селкеу түсірмеуге серт береді.

Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Ә.Каюповқа шекара басқармасының бастығы полковник А.Бектасов рапорт берді. Содан кейін департамент бастығының бұйрығымен, Мемлекеттік ту көтеріліп, еліміздің Әнұраны орындалды. Сарбаздардың өмірінде ерекше орын алатын бүгінгі шара ұлттық мереке – Республика күнін ұлықтаудан басталды.

Күні ертең ұлт айбарына айналатын сарбаздарымыздың қуанышына ортақтасуға жиналған жұртшылықтың санында есеп

жоқ. Еңбектеген баладан – еңкейген қарияға дейін бар. Сонымен қатар, бүгінгі рәсімге Шекара қызметінің тарихына есімі алтын әріппен жазылған полковник Т.Стамбековтің әпкесі Гүлнара Мұхаметқалиқызы да арнайы келіпті. 2012 жылдың желтоқсанында әуе апатынан қазаға ұшыраған саңлақ сардар бір кездері аталмыш шекара басқармасын басқарған болатын...

...Республика халқына ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми сайтынан тікелей эфир арқылы көрсетілген шара сарбаздардың ант қабылдауынан кейін салтанатты жиынға ұласты. Мұнда департамент бастығы полковник Әлібек Каюпов қолдарына нағыз





Ádiletті Qazaqstan – jańa múmkındikter – kásibi shekarashy! Справедливый Казахстан – новые возможности – профессиональный пограничник!

Жауынгерлік, кәсіби дайындықтары тексерілуде

Әскери қызметшілер үшін бақылау-тексеру сабақтарын тапсыру – жыл бойғы кәсіптік және арнайы дайындық бойынша алған білімдерінің сынға түсетін уақыты. Сонымен қатар аталған шарда әр лауазымды тұлғаның спорттық дайындығының деңгейі де анықталатын болады. Күз айларында кешенді сынақты тапсыратынын білетін шекара сақшылары жыл бойғы жақсы нәтиже көрсету үшін дайындалады. Білімдерін көтереді, спорттық дайындықтарын жетілдіреді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінде бақылау-тексеру сабақтары жеке құрамның күнделікті қызмет уақытына кеселдік келтірмеу мақсатында алдын ала кесте құрылды. Бірнеше күнге созылған жоспарда басқармалар, жеке бөлімдер мен бөлімшелердің, топтардың жеке құрамының қай күндері тапсыратыны көрсетілді. Дүйсенбілік тарату кезінде сап алдында кімнің қай күні тапсыратыны тізім бойынша әр әскери қызметшіге жеткізілді. Сол күні түстен кейін алғашқы сынақ қабылдау

сабақтары басталып кетті...

Алматы қаласының төрінде орналасқан «Динамо» стадионында дене шынықтыру бойынша жүгіру, бел темірге тартылу жаттығуларын тәжірибе жүзінде орындау және жас айырмашылығына қарай еркін жаттығулар жиынтығын орындау арқылы жүзеге асырды. Ал атыс дайындығын әр әскери қызметшіге бекітілген ату қаруымен қорытынды жаттығуларды орындау арқылы тапсырды.

Теориялық бақылау-тексеру сабақтары арнайы жабдықталған кабинетте төрт пән бойынша құрылған тестілеу жүргізу арқылы



білім дәрежелері тексерілді. Тестілеу пәндерінің қатарында «Мемлекеттік шекараны күзету өнері», «Мемлекеттік-құқықтық дайындығы», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқарма әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери Жарғысы» және «Арнайы дайындық» пәндері бар.

Жауынгерлік дайындық және әскерлер қызметі басқармасының бастығы полковник А.Печуркин:

– Жалпы алғанда, департамент жеке құрамының бақылау-тексеру сабақтарына тиянақты дайындалғандары көрініп тұр. Кешенді тексеру кезінде офицерлер мен келісімшарт әскери қызметшілері елу сұрақтан тұратын теориялық тестілеуге жақсы жауап беруде. Спорттық дайындық бойынша жетістіктері де жақсы. Айта кетерлігі, әскери қызметшілер

Жетісу облысы бойынша департаменті құрылғаннан бері бақылау-тексеру сабақтарын екінші рет тапсыруда. Соған қарамастан жауынгерлік, кәсіби және мемлекеттік-құқықтық дайындық бойынша шекара сақшыларының бар ынталарын салып дайындалғандары көңілге қуаныш ұялатады. Жылдық білім деңгейлерінің дәрежелерін анықтауға арналған сынақтардың қорытынды бағалары қараша айының аяғында қойылатын болады.

Биылғы жылы жарияланған жауынгерлік дайындықтың «Әділетті Қазақстан – жаңа мүмкіндіктер – кәсіби шекарашы!» ұранына сай жетісулық жасыл күнқағарлылардың бақылау-тексеру сабақтарын жақсы бағамен тапсыратынына сенімдімін!, – дейді.

Сонымен қатар, Панфилов ау-

даны бойынша шекара басқармасында, Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында, «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында, жедел - техникалық бөлімінде, инженерлік - техникалық қамтамасыз ету бөлімінде департамент бастығының бұйрығына сәйкес, бақылау-тексеру сабақтарын қабылдауға арналған офицерлер құрамынан құрылған топтар жұмыс жасауда.

Күнделікті қызметте білімдері мен жауынгерлік дайындықтарын көтеруге арналған уақыттарын босқа жібермей, кәсіби шеберліктерін шыңдап жүретін шекара сақшыларының бақылау-тексеру сабақтарын да «өте жақсы» деген бағамен аяқтайтынына сенімдіміз!

Майор М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».

Суреттерді түсірген автор.



АРНАЙЫ ЖАСАҚ

ЖАС ЖАУЫНГЕРЛЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Арнаулы мақсаттағы басқармасының жаңадан тағайындалған жауынгерлерімен бір айға созылған «Арнайы жасақ жауынгерлерін дайындау» оқу-әдістемелік жиыны өтті. Мақсаты - арнайы тактикалық даярлықты заманауи жаңа деңгейге көтеру. Қаруды және арнайы құралдарды кәсіби шеберлікпен қолдануға машықтану. Арнайы құрықтау операциялары кезіндегі экстремалды жағдайларды еңсеру.

«Әділетті Қазақстан – жаңа мүмкіндіктер – кәсіби шекарашы» қағидасына сәйкес, арнайы басқарма жауынгерлерін келесідей дағдыларға үйрету қарастырылған: арнайы-тактикалық және әскери топография, арнайы тау, әуе-десанттық, психологиялық, атыс, дене шынықтыру және арнайы-тактикалық медицина дайындықтары бойынша. Жиын соңындағы сынақ алдында сөз алған басқарма бастығы подполковник Р.Жампеисов:

– Армысыздар, арнайы жасақ жауынгерлері! Сіздердің арнайы жасаққа қатысты жауынгерлік және тактикалық даярлықтарыңызды шыңдауға «Арнайы жасақ жауынгерлерін дайындау» жиынын ұйымдастырдық. Бірнеше аптаға созылған шара барысында арнайы-тактикалық дайындық бойынша жаңа дағдыларды қалыптастыруға және бұрын алынған дағдыларды жетілдіру мен жауынгерлердің экстремалды және стресстік жағдайларда психологиялық тұрғыда дайын болуын қамтамасыз етуге тырыстық. Ортақ мақсатқа біріктіруге дағдыландыруға, мінез-құлық, эмоциялық ерік сфера дағдысын қалыптастыруға, моральдық және жауынгерлік қасиеттеріңізді дамытуға жоспарладық. Міне, соңғы сынақ - спорттық дайындықтарыңыздың сыналатын сәті келді! Сіздерге табандылық пен сәттілік тілеймін, – деді.

Жас жауынгерлер күштері мен ептіліктерін, жылдам-

дықтарын қамтитын жеті түрлі спорттық жаттығудан дайындықтары сыналды. Жекпе-жек ұрысынан сынақ қабылданды. Соңғы кезең жекпе-жегіне тоғыз минуттан аспайтын уақытта тоқтаусыз серіктестерін ауыстырып тұрды. Арнайы жасаққа қабылданған жас жауынгерлер дайындықтарының жоғары екенін көрсетті.

Спорттық кедергілерден мүдірмей өткен жас жауынгерлер ресми түрде басқарманың жауынгерлік туынын астында «Арнайы жасақ антын» қабылдады. «...Арнайы жасақ жауынгері қатарына кіре отырып, ант қабылдаймын және Отаныма ақтық демім қалғанша адал болуға, қасиетті жерімді көзімнің қарашығындай сақтауға, өзіме жүктелген міндеттерді бұлжытпай орындауға халқымның алдында, жауынгерлік тудың алдында, жоғары басшылық алдында, қарулас бауырларымыңның алдында салтанатты түрде ант етемін!..», – деп басталатын мәтінді бірінен соң бірі оқып, сапқа тұрды.

Ант қабылдау рәсімі аяқталған соң жаңа тол-

қынға Арнаулы мақсаттағы басқармасының шевонын табыстау рәсімі өтті. Сонымен қатар, бір айға созылған оқу-әдістемелік жиынның қорытындысында оқу үздіктеріне арнайы сертификаттар табысталды.

Аға сержант А. АБСАЛЯМОВА.
ҚР ҰҚК ШҚ Арнаулы
мақсаттағы
басқармасы.
Суретті
түсірген
автор.



Шекаралық аймақтың САҚШЫЛАРЫ




Жүзі лапылдаған, көзі еңменіңнен өтіп, сөйлесе қиыпсал өткір, ең бойы өлең мен оттан өрілгендей жаралымы бөлек Махамбет Өтемісұлының: «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім. Жағалай жатқан сол елге, мал толтырсам деп едім. Еңсесі биік ақ орда, еріксіз кірсем деп едім. Керегесін қиратып, Отын етсем деп едім...», - деген әр жолы жалындай шарпып, шоқтай қарыған жырлары көңілге қуат береді. Үстінде сауыт, басында дулыға, бес қаруы түп-түгел. Астында сынық құлақ арғымағы, ерулі аты жетегінде, Исатайдың шашақты туының астында, батырдан сәл кейін сар желіп келе жатқан орақ ауызды батырдың бейнесі еріксіз көз алдыға келеді...

Марқасқа Махамбет пен Исатайды еске салып отырғанымның мәнісін айтайын. Шекара шебін шолып келе жатқан сақшылары маған дәл осындай тұлғалы батырлардың бейнелерін елестетеді. Қаруларын арқаларына асынған олар ел шетін жіті тексереді. Қасиетті шекараның берік күзетілуі мен бұзылмауына жауапты. Әрбір қарыс жері үшін бастарын бөйгеге тігеді. Бойларындағы күш-жігерлерін осыған арнаған.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл шекара басқармасының «Басқан» шекара бөлімшесінде шекара шебінің бүтіндігін қырағы күзеткен оғландар жұмыс істейді. Басқандық шекарашылар жөнінде осылай деп айтуымыздың да реті бар. Оған үстіміздегі жылдың тамыз айының аяғында орын алған шекара тәртібін бұзған азаматтардың жолына тосқауыл болған оқиға куә. Мемлекеттік шекараға жақын жерге қойылған «Қадағалау бекеті» шекара наряды белгіленген тәртіпке сай азаматтардың құжаттарын тексере бастайды. Жақын жерде жүрген ешқандай адам назардан тыс қалмайды. Барлығын да тоқтатып, жергілікті тұрғындардың тізімі бойынша аты-жөндерін тексереді. Жеке бас куәліктеріндегі суреттерді ұсынушы иесімен сөйкестендіреді. Құжат тексерудің кезегі көрші ел азаматтарына келеді. Сол күнгі ефрейтор Данияр Әлімхан басқарған шекара наряды Қытай Халық Республикасының үш азаматының шекара режимінде жүруге рұқсаттарының жоқтығын анықтайды. Аталған дерек жөнінде пәрмен бойынша жоғары басшылыққа баяндалады. Ал мемлекеттік шекараны бұзу бойынша соңғы дерек екі мыңыншы жылдардың соңында тіркеліпті.

Табиғаты әдемі, терегі мол өңірдің сақшылары тау бөктерлеріне із салған әр адамның рұқсатының болуын қадағалайды. Жасыл



желеңге толы мекенді күзететін сақшылардың «Тополевка» деп аталған әскери ұжымы 2021 жылы «Басқан» болып өзгерген. Атауының өзгеріске ұшырауының өзіндік мәні бар. Жақын жерде Жонғар Алатауынан бастау алатын Басқан өзені ағып жатыр. Ағысы қатты өзеннің тереңдігі де әжептәуір.

Ірге тасының қаланғанына алпыс жылға жуықтаған «Басқан» шекара бөлімшесіне аға лейтенант Абдыхан Серікбай басшылық жасайды. Шымкент қаласында орналасқан Ш.Қалдаяқов атындағы мектептің тарих пәнін тереңдетіп оқыған офицер мамандық тандаудан шатаспаған. Ол ендігі кезекте бабаларымыздың әр ғасырларда жүріп өткен тарихы туралы жеке құрам алдында



дайындықсыз-ақ дәріс оқиды. Шегенделген шекарамыздың қалыптасу жолдарын да жақсы біледі. Спорттық дайындығы да жоғары. Еркін күрестен спорт шеберіне үміткер. Бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Әділ Нұржанұлы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының тумасы. Ақжар ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектептің түлегі. География пәні бойынша және үстел теннисі бойынша бірнеше жыл қатарынан аудандық, облыстық жарыстардың жеңімпазы атанған.

Білімдеріне спорттық дайындықтары сәйкес келген сегіз қырлы офицерлердің басшылық жасайтын шекара бөлімшесінің осал болуға да қақысы жоқ. Басқандық шекара сақшыларының кәсіби дайындықтары жоғары, әскери тәртіптері жақсы. Жоғары деңгейдегі жауынгерлік қызметтерінің арқасында шекаралық аймақ берік қолда. Жергілікті халық арасында құрмет пен беделге ие.

Даңқты шекарашылардың ел қорғау үрдісінде салған соқпағын жалғастырғысы келетін жастардың қатары да аз емес. Оның мектеп қабырғасында ұйымдастырған «Жас шекарашы» үйірмесінен көруге болады. Мектеп түлектерінің қатарында бүгінгі күні әскери жоғары оқу орындарында оқып жүргендер мен офицер шенін алғандар да бар.

Ауыл тұрғындары арасында күрделі қызметтерімен асқақ абыройға ие болып жүрген «Басқан» шекара бөлімшесінің ұжымы шекара бұзушылардың жолында тосқауыл болса, ауыл жастарына үлгі. Жауынгерлік жолдары ертенгі күнге тарих!

Отанына мінсіз қызмет етуге әзір

Шекара нарядының өз уақытында қызмет орнына жетіп, жеке құрамның кері қайтуын қамтамасыз ететін де жүрдек көліктер. Ал темір тізгінінің жыл он екі ай бойы тоқтаусыз жүруіне бірден-бір себеп болатын арнайы маманның шебер қолы. Сосын да шығар, техник мамандар рөлден қолдары босай қалған кезде сеніп тапсырылған көліктерінің қасында жүргенін көресің.

ҚР ҰҚК

Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Басқан»



шекара бөлімшесінің аға техникі кіші сержант Арай Кемпіров қызметіне деген адалдығымен үздік шекарашылардың қатарында есімі аталып жүрген жан.

Бала кезден ер адам үшін табыстың кілті еңбекте екенін түсініп өскен шекарашы техниканың қыр-сырын ерте тануға өмірін арнаған. Бүгінгі күні автотехниканың тілін бес саусағындай біледі. Бөлімшенің барлық техникаларын сезондық қызметтен уақытылы өткізілуін үнемі бақылауда ұстайды. Нәтижесінде жоғары басшылықтан келген тексеру топтары оның қажырлы қызметін жоғары бағалап жатады.

Соның айғағындай десек те болады, Арай Омарұлының инженерлік бағыт бойынша ұйымдастырған жұмысы Алакөл шекара басқармасында үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанын қорытындылаған кезде алдыңғы қатардан көрінген.

«Басқан» шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Абдыхан Серікбайдың айтуы бойынша, кіші сержант Арай Кемпіров бөлімшеде қызмет атқару барысында шекара бөлімшесінің тірек пунктін, темір бақылау мұнарасын, шекара бөлімшесінің бокстарын және инженерлік құрылыстарын қалыпты күйде сақтау жұмыстарына зор үлесін қосуда. Өзіне қатысты қызметті сапалы ұйымдастырып қана қоймай, шекара шебін күзету ісіне де сүбелі үлесін қосып жүр. Жаздың соңғы айларының бірінде ұсталған шекара режимін бұзушыны тұзактаған шекара нарядының құрамында болыпты.

Сапында кіші сержант Арай Кемпіров сияқты Отанына мінсіз қызмет етуге әзір азаматтар жұмыс жасайтын шекара сақшыларының мерейі әрқашан үстем болары сөзсіз!

Бетті дайындаған
майор М. КАПЕКЕНОВ,
«ОС-ЧР».

Суреттерді түсірген автор.

Бұл дегеніміз, ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Кетпен» шекара бөлімшесі өзгерген. Жақсы жағынан. Өзіне жүктелген міндетке асқан жауапкершілікпен қарайтын басшы тағайындалғаны көзге бірден ұрып түр.

Тау ішінде тұрған шекара бөлімшесін басқару тізгіні аға лейтенант Темірхан Қабдуллаға 2022 жылдың қыркүйегінде сеніп тапсырылыпты. Содан бергі уақыттың ішінде ұжымда ауқымды жұмыстар жасалғаны анық байқалады. Ең алдымен, бөлімшеде жайлылық бар. Ұзын дәліздің бойына кілемше төселіп, қабырғаға Алаш қайраткерлері мен қазақ халқының Мұхтар Әуезов бастаған танымал жазушыларының суреттері ілінген. Бұл деген тамаша бастама. Өйткені, Әділетті Қазақстанның өскелең ұрпағы саналатын жастарымыз Алаш арыстарын, еліміздің өткені мен бүгінінің арасындағы рухани алтын көпірге айналған атақты жазушыларымызды танып-білуге тиіс.

Ұжымға қатысты тағы бір жағымды жаңалық, «Кетпен» шекара бөлімшесіне 2014 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Негізі, шекара бөлімшесінің тарихы 1978 жылы бастау алады. Осы жылдар аралығында ұжым жеңісті де, жеңілісті де көрді. Енді міне, бүгінде Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының бөлімшеаралық жарысында алғашқы үштіктің қатарында келе жатқан ұжымға ат басын тіреудегі мақсатымыз шекара шебін қорғауға шыққан нарядтың қызметін суретке түсіру һәм ел шебінің тынысымен танысу болатын.

Ойымыз орындалып, шекараға аттандық. Біздің атты нарядымызды бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Арнұр Тешебаев басқарды. Офицер бізді Бөдеті сайына бастады. Байқаймыз, мұнда шекарашылардан өзге ешкім жоқ. Жыл сайын жазды осы таудың баурайында өткізетін малшы ағайындар да төбе көрсетер емес. Осыған қарағанда, таудың күзгі қара суығы малшыларды төменге ерте түсірген сынайлы.

Офицердің айтуынша, барлау-із кесу тобының жұмысы мамырда басталып, қыркүйекке дейін созылады екен. Бұдан әрі, Бөдеті, Үш Хасан, Небесный асулары жабылып, тау жолдарымен жүру мүмкін болмай қалады. Бұл көктемнің соңғы айына дейін созылатын көрінеді... Олардың ішінде ең алыс деген асу – Небесный мен бөлімшенің аралығын 12 шақырым құрайды. Асуға шығу үшін шекарашыларға теңіз деңгейінен 3652 метр биіктікке көтерілуге тура келеді екен. «Өзіңіз байқағандай, бұл жакқа барлау-із кесу топтары тек атпен ғана бара алады. Асу көрші «Өртенсай» шекара бөлімшесінің учаскесімен қиылысады», дейді лейтенант А.Тешебаев.

...Ал мемлекеттік шекара бұзушыны құрықтау-операциясы соңғы рет 2015 жылдың 28 сәуірінде болыпты. Көрші елдің азаматы біздің жерге өтпекші болған кезде шекарашылардың тұзағына түсіпті. Есесіне, биыл үш мемлекеттік шекара режимін бұзушы құрықталыпты. Өздері біздің азаматтар. Мемлекеттік шекара саналатын аумаққа құжатсыз барғандары үшін әкімшілік жазаға тартылып, айыппұл төлеуге мәжбүр болған үшеудің ісі енді өзгелерге сабақ болса, игі...

Дегенмен, бізді асулардың атауы еді, қызықтырған. «Небесный», «Үш Хасан», «Бөдеті». Осы атаулардың астарында бір-бір тарихтың «жасыры-



«КЕРЕМЕТТЕРІ КӨҢ»...



нып» жатқаны айдан анық еді... Шекарашылар да бұл туралы жарытып ештеңе айтып бере алмаған. Сондықтан ең дұрысы, шаһарға оралған соң уақыт тауып, ұлттық кітапханадағы құнды кітаптарды ақтаруды жөн санадық.

...Бөдеті сайына жетіп, төңіректі шолуға кіріскен шекара нарядының әрбір іс-қимылын қалт жібермеуге тырыстық. Өйткені, бұл – біз үшін маңызды болатын. Лайықты бағасын беру керек, офицер бастаған топтың құрамында болған келісімшарт қызметінің қатардағы жауынгерлері Мехришот Биширов, Алияр Рыскелдиевтердің ел шебінде тәжірибе жинап үлгергендері байқалады. Керісінше, әскер қатарына осы жылдың көктемінде алынып, өздерінің Отан алдындағы азаматтық борыштарын шекара бөлімшесінде атқаруға кіріскен қатардағы жауынгерлер: Иманғали Көшербай, Маруп Мұхтаров және Рамиль Тохтахуновтар әлі тым жас. Ел шебінде тәжірибе жинау үшін біраз тер төгулеріне тура келеді.

Бұл кезде тыныштықтың құшағында мүлгіген тау ішін сылдырап аққан бұлақ пен аттардың анда-санда пысқырылған үндері ғана бұзып тұр. Әрбір сырт еткен дыбысқа құлақтары тікірейе қалатынын қайтерсің...

Осылайша, бірнеше сағатымызды шекара бойындағы сайдың ішінде өткізіп, ел шебінің тыныштығына көзімізді жеткізген соң атымыздың басын кері бұрдық.

...Айтпақшы, ердің басында тік отырған лейтенант Арнұр Тешебаев жайында жақында қалам тербегенбіз. Алматы қаласында өткен халықаралық марафонға қатысып, 42,2 шақырымды жүгіріп өтіп, мәреге жеткені үшін медалмен марапатталған Арнұрдың табандылығы мен шыдамдылығын, мықты ерік-жігерін өзге шекарашыларға үлгі ретінде көрсеткен едік. Енді міне, сондағы жас офицермен ел шебінде кездесіп, өзімен дидактасудың сәті түскен.

Бұл-бұл ма, «май керек болса, міне құйрық» демекші, «Кетпен» шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Т.Қабдулла да қаратә-домен үзбей айналысып келе жатқан «Спорт шеберлігіне үміткер» атағының иегері. Өзі еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев секілді теннисті ойнағанды жақсы көретіні тағы бар...

- Мен Шымкент қаласында дүниеге келдім. Үйдің ұлдан үлкенімін. Әпкем мен інішегім бар, - дейді Темірхан. Өзім мектепті үздікке бітіргенге дейін түрлі үйірмелер мен қоғамдық жұмыстарға белсене қатыстым. Біздің мектебіміздегі «Жас қыран» әскери-патриоттық тобының капитаны болдым. Мектепті бітірген соң шекарашылардың оқуын таңдауыма осының өзі де жеткілікті болатын...

ҰҚК Шекара академиясын 2020 жылы бітіріп, жолдамамен Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының «Сұңқар» шекара бөлімшесіне жіберілген офицер небәрі бір жарым жылға жетеғабил уақыттың ішінде өзін көрсете білгені үшін қазіргі лауазымға тағайындалыпты. Енді міне, алдына қойған мақсаттарды біртіндеп жүзеге асырып келеді екен. «Біз бақылау-тексеру» сынағын да тек қана үздік деген бағаға тапсырып, ұжымды шекара басқармасының №1 бөлімшесі деген атаққа жеткізуге тиіспіз. Қазір соған жатпай-тұрмай дайындық үстіндеміз», деген офицердің өз дегеніне жетпей қоймайтын қайсар мінезіне тәнті болып үлгергенімізді несін жасырайық...

Негізі, оның орынбасары лейтенант А.Тешебаев та осалдардың қатарынан емес. Офицер әскери әулеттен шыққан. Мен Арнұрдың анасы Айгүлді – ұзақ жылдарын Сарыағаш шекара отрядының ыстығы мен суығына арнаған шекарашы ардагерді жақсы танитынмын. Еліміздің оңтүстігінде бірінші ашылған қазіргі Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасына журналистік сапармен барған сайын алдымнан күндей күліп, Айгүл қарсы алатын... Өкінішке орай, осы бір тамаша жан тым ерте бақилық болып кетіпті... Ел шебінде өткізген жылдары бір кітапқа жүк болатын шекара шебінің «Томирисі» біздің жүрегімізде!

...Бөлімшеге оралып, ұжым басшысымен сұхбаттасқан соң кері жолға шығып кеттік. Ел шебіндегі қызметтері мен алда өздерін күтіп тұрған сынақтардан мүдірмей өтулеріне сәттілік тіледік. Жылды жеңіспен аяқтау үшін...

Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.



– Джамбул Байзакович, что нового в последнее время сделано в интересах оснащения Пограничной службы КНБ современной техникой?

– По опыту боевого применения автомобильной техники в локальных конфликтах осуществляется плановое внедрение легковых автомобилей двойного назначения типа «пикап», которые в случае необходимости имеют возможность установки вооружения (JAS T6 и Toyota Hilux).

Данные автомобили используются в повседневной охране государственной границы, включая доставку пограничных нарядов и осуществление патрулирования. Однако, в случае угрозы или неотложной необходимости, они могут быть быстро преобразованы в подвижные огневые позиции, что повышает огневую мощность мобильных пограничных групп.

В нашем стремлении к разнообразию транспортных средств, мы также активно интегрируем альтернативные виды передвижения, таких, как электроскутера QX B1200 DT-2, которые на сегодняшний день проходят испытания в Департаменте Пограничной службы по Жамбылской области, а также мотовездеходы Can-Am Commander Max XT 1000R. Данная техника используется для повседневной охраны границы в качестве дополнительного транспортного средства, при возникновении обстановки может использоваться для преследования противоправных элементов.

Также в текущем году завершены войсковые испытания и приняты на вооружение бронированные колесные машины Барыс-бхб, Алан-2 и Toyota Land Cruiser-79. Данная бронированная техника предназначена для защиты и обороны государственной границы в качестве средства усиления огневой мощи, защищенности личного состава от воздействия поражающих факторов стрелкового оружия, повышения мобильности подразделений специального назначения Ведомства.

– Почему выбор пал именно на эти модели? Был ли учтен опыт и лучшие практики других стран в области использования новой техники?

– Выбор данных моделей обоснован рядом факторов. В первую очередь, они были выбраны на основе высокой надежности и применимости в условиях государственной границы. Руководством Ведомства был утвержден вектор развития и повышение мобильно-транспортных возможностей подразделений Пограничной службы в формате плана перспективного снабжения.

Конечно, при выборе новой техники был учтен опыт и лучшие практики других стран и силовых структур. Анализ применения подобной техники в зарубежных странах позволил определить, какие модели и характеристики наиболее эффективны и соответствуют требованиям нашего Ведомства.

Сначала определились по типам транспорта в частности переход от автомобилей с цельнометаллическим кузовом (УАЗ-Хантер) на легковые автомобили с кузовом «пикап», исходя из



В преддверии Дня автомобилиста в Казахстане, мы отмечаем не только искусство управления автотранспортом, но и службу защитников наших границ. В этой связи хотелось бы узнать о современной технике, которая поддерживает работу наших водителей. В Пограничной службе КНБ непосредственно за организацию вопросов технического обеспечения отвечает Управление автобронетанкового обеспечения Департамента вооружения. Подробно об оснащении современной техникой нам рассказал начальник управления подполковник Джамбул Кишкимбаев.

ОСНАЩЕНИЮ – ПОВЫШЕННОЕ ВНИМАНИЕ



опыта локальных конфликтов на Ближнем востоке, где широко применяют «пикапы», монтируя на них различное вооружение, применение пикапов даже решало исход войн так называемая «война пикапов» в Чадско-Ливийском конфликте.

По бронированной технике исходя из особенностей применения был определен тип бронированных колесных машин (БKM) в отличие от машин на гусеничном ходу, такой вид техники наиболее маневренный, скоростной, ресурсоемкий и не требует дополнительной техники для транспортировки на большие дистанции.

По альтернативным видам транспорта, то это ноу-хау Пограничной службы и о полномасштабном внедрении говорить рано.

Что касается выбранных марок техники, то акцент был сделан на поддержку отечественных производителей в рамках Поручения Президента РК – Верховного Главнокомандующего по развитию отечественного ОПК.

– Какие у них тактико-технические характеристики?

– Вдаваться глубоко в технические характеристики не позволит формат и поэтому хотелось бы остановиться на особенностях, скажем пикап JAS T6 имеет полный привод; дорожный просвет 216 мм; колесную базу в 3090 мм; грузоподъемность 820 кг; имеется антиблокировочная система тормозов (т.н. ABS), система распределения тормозных усилий (т.н. EBD), подушки безопасности, то есть имеется активная и пассивная система безопасности в отличие от автомобилей семейства УАЗ.

По бронемашинам, отличительными характеристиками от техники Российского (советского) производства является наличие достаточно серьезной устойчивости к поражению боеприпасами кинетического действия (в том числе бронебойными с твердым сердечником), на уровне 3 по классификации Stanag-4569; клиренса более 400 мм; запаса хода до 500 км, имеется антиблокировочная система тормозов (ABS), полуав-

томатическая система пожаротушения двигательного отсека. Ну и главное отличие – это применение высоко ресурсных двигателей COMMINS и КПП Allison от промышленных автомобилей. Не ошибусь, если скажу, что они зарекомендовали себя во всем мире и сегодня применяются в широком спектре бронированных машин разных стран.

– В каком направлении движется оснащение техникой в ПС, ожидаются ли еще новинки?

– Развитие оснащение техникой движется в сторону унификации, то есть определения образцов техники, которые будут актуальны на протяжении хотя бы одного цикла жизни деятельности образца – в течении 10 лет.

На сегодняшний день активно изучается рынок грузовой техники высокой проходимости и альтернативного транспорта.

Планируется освоение квадроциклов и новых марок снегоходной техники отвечающей современным реалиям. Результаты проводимой работы в недалекой

перспективе уже увидят в территориальных подразделениях.

– Как Вы считаете, какими качествами должен обладать водитель Пограничной службы?

– Водитель Пограничной службы, также, как и любой другой военнослужащий, должен обладать определенными качествами, чтобы эффективно выполнять свои обязанности. Водитель имеет уникальные навыки, от которых порой зависит жизнь и здоровье личного состава, другими словами ему доверяют жизнь. Он должен обладать высокой квалификацией и знаниями в вопросах безопасной и навыковой езды, уметь обслуживать и ухаживать за служебным транспортом, а также знать законы и правила дорожного движения. В этой связи водитель должен быть ответственным и дисциплинированным, ведь не дисциплинированный военнослужащий – не дисциплинирован и на дороге. Также немало важно и бережное отношение к служебной технике и оборудованию, чтобы оно всегда было в готовности.

– Как Вы оцениваете, на сегодняшний день уровень готовности военной техники ПС к выполнению поставленных задач?

– Несмотря на устаревший парк автомобильной техники и дефицит финансирования, благодаря усердию, трудолюбию, самоотверженному труду технических специалистов в территориальных департаментах удается поддерживать коэффициент технической готовности техники на таком уровне, что обеспечивает боевую готовность и выполнение поставленных задач.

В этой связи, пользуясь случаем, хотел бы выразить благодарность всем техническим специалистам Ведомства за их нелегкий труд, пожелать безотказной работы вверенной автомобильной техники, а автолюбителям «ни гвоздя, ни жезла».

Беседовал капитан
О. ЖАКСЫЛЫКОВ, «ОС-ЧР».
Фото предоставлены
Управлением АБТО ДВ.



ВОЕННЫЕ АВТОМОБИЛИСТЫ – НА ОСОБОМ СЧЕТУ



Появление автомобилей во многих армиях мира изменило все на полях сражений. Они позволили своевременно доставлять на фронт солдат, боеприпасы, провизию, вывозить раненых, обеспечивать войскам высокую мобильность. Сегодня их задачи практически не изменились, а в условиях несения пограничной службы даже приобрели особенную значимость, позволяя подразделениям границы оперативно реагировать на инциденты и нарушения в пограничном пространстве.

В Пограничной службе КНБ автомобильной технике придается высокое значение, а в особенности специалистам, ответственным за ее техническое обслуживание и ремонт, подготовку кадров и обеспечение ведомства необходимым транспортом – военным автомобилистам – техникам и ремонтникам, командирам подразделений и начальникам автомобильных служб.

Чтобы выразить им уважение и признательность за бесценный вклад в дело охраны и защиты Государственной границы, ежегодно в последнее воскресенье октября, в День автомобилиста, на страницах нашей ведомственной газеты, мы отмечаем заслуги и достижения лучших военных автомобилистов.

Младший сержант Тимур Есингариев, водитель отделения охраны и обеспече-



ния Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской области более 15 лет служит на должности водителя. Выполняя поставленные задачи в сложных климатических и дорожных условиях, военный служащий показал профессионализм и мастерство. За высокие показатели в служебно-боевой деятельности Тимур награжден ведомственными наградами – «Отличник Пограничной службы» I и II степеней, грамотами начальника департамента и руководителя пограничного ведомства.

Не отстает от своего коллеги и старший сержант Руслан Эминов, водитель автобуса пограничного управления по Жамбылскому району Департамента



Пограничной службы КНБ по Жамбылской области. Свою службу в рядах пограничного ведомства Руслан начал в 2010 году, и с тех пор пограничник не только проявил себя как ответственный и компетентный военный служащий, но и отремонтировал свыше 80 единиц автомобильной и автотракторной техники. Благодаря своему профессионализму, знаниям и опыту, в 2022 году старший сержант Р. Эминов был признан лучшим водителем в Департаменте.

В числе лучших водителей заслуженно выделяется и старший сержант Николай Борис, техник пограничного



отделения «Турсын» Департамента Пограничной службы КНБ по Павлодарской области. Пограничная биография старшего сержанта началась в 2008 году, когда он призвался в отделение на должность водителя. С тех пор он не только обеспечивает бесперебойную работу автомобильной техники пограничного отделения, но и способствует соблюдению пограничного законодательства на вверенном участке границы. Только в 2021-2023 гг. профессиональные навыки вождения старшего сержанта Н. Борис способствовали задержанию более 20 нарушителей границы и пограничных режимов.



Незаменимым специалистом Департамента Пограничной службы КНБ РК по Кызылординской области является водитель группы хозяйственного обеспечения сержант Арман Наурызбаев. Зная, что надежность транспортного средства – это залог успешного выполнения задач на границе, Арман всегда поддерживает свой автомобиль в идеальном состоянии. Кроме вождения и обслуживания техники, сержант также оказывает помощь командирам в подготовке молодых специалистов.

Одним из опытных военных автомобилистов, заслуживающим особого признания и благодарности, является служащий Владимир Соловьев – водитель пограничного управления по Зайсанскому району Департамента Пограничной




службы КНБ по Восточно-Казахстанской области. Имея за плечами более 40 лет безупречного трудового стажа в наших рядах, Владимир Егорович зарекомендовал себя как исполнительного и надежного специалиста. Его бережное отношение к автомобильной технике и стремление поддерживать ее в отличном состоянии являются неоценимыми качествами, которые способствуют успешному выполнению задач. Все военный служащие уважают и ценят В. Соловьева за его постоянное стремление к совершенствованию и преданность службе.

С учетом того, что в ноябре текущего года Владимир Егорович уходит на заслуженный отдых, от лица руководства пограничного ведомства мы хотели бы выразить ему особую благодарность, пожелать ему здоровья и успехов на новом этапе жизни.

Одним из выдающихся военных

автомобилистов, чьи навыки вождения не имеют сравнения – это младший сержант Сабыржан Джексенбиев, водитель пограничного управления по Панфиловскому району Департамента Пограничной службы по области Жетысу. Сержант постоянно участвует во всех



выездах групп спецназначения, успешно доставляя личный состав в любой уголок страны.

Безупречный опыт вождения сержанта никогда не подводил ни своих коллег, ни технику, которой он управлял. Важно отметить, что Сабыржан принимал активное участие в перевозке раненых в городе Алматы во время «январских событий». Его невероятная выдержка и профессионализм сыграли важную роль в спасении многих жизней. Весьма значимо, что машина, которую он водил, не только не подвела в самых непростых условиях, но и долгое время оставалась в идеальном состоянии, что свидетельствует о его заботе и бережном отношении к автомобильной технике.

От лица руководства Пограничной службы КНБ мы искренне поздравляем всех военных автомобилистов с профессиональным праздником! Желаем крепкого здоровья, надежных машин на всех путях и невероятной выдержки. Ваш вклад в обеспечение безопасности и защиты нашей границы Казахстана не оценим, и мы гордимся вашей преданностью службе. Пусть дорога всегда будет безопасной, а ваши достижения остаются вечно в истории Ведомства!

Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР». Фото предоставлены
территориальными департаментами.

САРБАЗ СЫРЫ

«ЕЛІМНІҢ
ҚАЛҚАНЫ
БОЛҒЫМ
КЕЛЕДІ!...»

Мен ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына жасаған журналистік іссапар кезінде кәсіптік-техникалық және дайындық бөлімінде болып, сарбаздармен сұхбаттасуды парыз санадым.



Өйткені, күні кеше ғана Отанына ант беру үшін салтанатты сапқа тұрған жас сарбаздарды сөзге тарту – ғанибеттің-ғанибеті. Олар намысшыл, ержүрек, батыл, шыдамды, табанды, төзімді.

Әскерге өздері сұранып келгендер. Олардың араларында әскерден кейін өздерінің жас ғұмырларын ел шебімен байланыстырғысы келетін, байланыстыруды әлден-ақ шешіп қойған бозбалалар көп.

Қатардағы жауынгер Думан Жылқыбаев солардың бірі. Ол әскерден кейін еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қызмет еткісі келеді!

...Жоғары білімді. Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген. Ал әскерден кейін алдына қойған арман-мақсаты бар. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясында оқығысы келеді. Өзі жанұяның үлкені, Балнұр есімді қарындасы, Амин, Әліби Шөкәрім деген інілері бар.

– Менің ант қабылдау секілді, ер-азаматтардың өмірінде жалғыз-ақ рет болатын атаулы мерекеме Астана қаласынан ата-анам арнайы келіп, қатысты, – дейді Думан. Тұла бойы тұңғыштарының қуанышына ортақтасты. Шарадан кейін, біз Шонжы ауылының саябағына барып, ұзақ серуендедік. Әңгімелестік. Ата-анам менің әскердегі өмірім қалай өтіп жатқаны туралы көбірек білгісі келеді. Уайымдайтындарын түсініп тұрмын. Бірақ мен әскерге кеткелі оларды қатты сағынып үлгергенім сонша, маған қымбат жандарды тыңдай бергім келеді...

Рәсімнен кейін берілген уақытымызды осылай ата-анамның жанында өткіздім. Олардан күш алдым. Мені уайымдауларын сұрап, өзімнің жақсы ортаға, ең бастысы, элита саналатын Шекара қызметіне түскенімді жеткізуге тырыстым. Маған аяулы жандар мені терең түсінді...

Қазір бір белестен өтіп, екіншісіне аяқ бастым. Бұл – мамандық тандау. Мен кинолог болуды тандадым. Итті жақсы көремін. Шекарашының төрт аяқты достарымен қалай жұмыс істеуді бала кезімнен білемін. Сондықтан, күні ертең менен мықты кинолог шығатынына сенімдімін!

Біз де сенімдіміз!

Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

«Өміріме
нәр берген...»

Екеуі бір ауылдан. Екеуі бір мектепті оқыпты. Тек, қыз жігіттен үш жас кіші. Бозбалаға мектеп бітіріп, өмір атты ұлы мұхитқа құлашын керіп жүзетін кез де келеді. Уақыты туып, әскерге аттанады. Қыз бұл туралы естиді. Бірақ мән бермейді... Өйткені, бұл кезде Алматы қаласындағы республикалық жоғары медициналық колледжде оқып жүрген қыздың жүрегі селт ететін сәтке әлі ерте болатын...

Ақыры осынау күн де келіп жетеді. Әскерден оралған жігіт досы екеуі өзінің туған ауылының көшесінде келе жатып, алдынан шыққан бір бойжеткенді көреді... Сол-ақ екен, жүрегі бұлқынып шыға келген жігіттің қасындағы досы өздерінің алдарынан шыққан арумен амандасады. Әскерден оралған жігітте үн жоқ... Мүмкін, бір көргеннен ғашық болу деген осы болар?!

Есесіне, сол күні кешке қыздың үйінің алдынан табылған жігіт пен оның досы бойжеткеннің сыртқа шыққанын тағатсыздана күтеді. Бұл үшін не істеу керек? Әрине, бұл жолы да көмекке досы келіп, қыз бен жігіттің бір-бірімен танысып, табысуларына мүмкіндік жасайды... Бұл — 2016 жылдың күзі болатын. 31 желтоқсан күні жігіт достары бас қосқан әдемі отырыстың үстінде өзінің жүрегі мен қолын ұсынды. Тосыннан жасалған қадам мен ұсыныстан жүзі оттай жанған бойжеткен келісті. Себебі, өзінің ауылындағы өзге жігіттерге мүлде ұқсамайтын, сабырлы, сөздері орнықты осы жігіт өзіне де ұнайтын...

...Сондағы жігіт бүгінде ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Сұңқар» шекара бөлімшесінің техникі келісімшарт қызметінің сержанты Шахмурат Тұрсынов болатын. Әскерден орала салып, өзінің құжаттарын өзінің туған өңіріндегі шекара

басқармасына тапсырған Шахмуратқа бұйрық шығар сәтті көп күткен жоқ. 2017 жылдың тамызында «Сұңқар» шекара бөлімшесінің табалдырығынан аттаған...

Ал бойжеткен шекарашының жан жары Радмила. Ерекше есім, келісесіз бе? Міне осындай ерекше есімнің иесі шекарашыға 2019 жылдың қазан айында тұрмысқа шықты. Тек... барлық шекарашылардың тылдағы сенімді серіктері, шаңырақтарының отаналары секілді Радмила да той аяқтала салып, жолдасымен қол ұстасып, шекараға аттанған жоқ. Осынау сәтті екі жастың бақандай алты ай күтулеріне тура келген. Белгілі себептермен.

Есесіне, жолдасы ел шебіндегі қауырт қызметтен қолы қалт етсе, өзінің Шырын деген туған ауылына құстай ұшар еді. Өйткені, мұнда өзін шырыннан да тәтті сүйген жарының күтіп жүргенін білетін...

...Ақыры, шекарашының үнемі құлазып тұратын шаңырағы нұрға толып, Шахмуратқа қызметтен асығып оралатын сәт те туған.

Осы жерге келгенде мен: «Шекара бөлімшесі сізді қалай қарсы алды?» деп сұрадым.

– Алғашқы кездері аяқ астынан қағылатын дабылдан қорқатынмын. Содан кейін, жалғыздықтан... Өйткені, жолдасым күні бойы қызметте. Кейде түнгі нарядтарға кетеді. Ақыры осының барлығына үйрендім. Жел мен жауынға да соға беретін дабылдың



үніне, жолдасымның уақыт талғамайтын қызметіне де! – деген Радмиланың үнінен жолдасына деген мақтаныштың лебі сезілгендей болды.

Иә, бұл шындық еді. Өйткені, шекарашыға тұрмысқа шыққан сәттен бастап, өзінің әу бастағы медбикелік мамандығын есінен «тарс» шығарған Радмила бүгін шекарашының тылдағы сенімді серігі ғана емес, Шахрад есімді ұлдың сүйікті анасы. Бұл есім «жомарт билеуші» деген мағынаны білдіретін көрінеді. Сосын «Шах» - әкесінің, «Рад» - анасының есімдерінен алынған...

Ал отағасына келетін болсақ, шекара бөлімшесінің техникі болып 2020 жылы тағайындалған Ш.Тұрсынов өзінің ерен еңбегінің арқасында, екі жыл қатарынан Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының «Ең үздік техникі» атағының иегері атанады. Ал Радмила – шекарашының берік тірегі. Айтпақшы, өзінің хоббиі де бар көрінеді. Қысқасы, биді жақсы көреді. Сосын да болар, шекара бөлімшесінде болатын мерекелік шараларды өзінің биімен жандырып әкететіні бар...

Ең бастысы, ол шекарашының жан жары. Осының өзі де көп нәрседен хабар беріп тұрса керек!

Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

Махаббаттан басталған...

Азаматтық тұлғалар үшін шекара шебі жауынгерлік қызметтен ғана тұратын өмір ретінде елестетуі мүмкін. Бір нарядтан шығып, екінші нарядқа түсіп жүрген шекара сақшыларының өмірін күреңсіз, қызықсыз күндерден тұратын тағдыр деп есептейтіндер де бар. Шындығына келгенде ел шетінің соңғы нүктелерін күзетіп жүрген жасыл күнқарағарлылардың жеке өмірі де қызыққа толы. Болашақ жарларымен кездесу сәттері мен шаңырақ құру тарихтары да махаббат пен сезімге толы өрбіп жатады.



Осы оқиғадан кейін араға бірнеше күндер өткенде хабарсыз кеткен інісін сағынған Дамира Русланға телефон шалып, бауырымен сөйлескісі келетінін айтады. Шекарашы да осы сәтті пайдаланып, дауысы жағымды естілген бойжеткенмен ұзақ сөйлеседі. Әңгіме барысында шекара заставасы орналасқан аймақтың сұлу табиғатын сөзге тиек етеді. Агент әлеуметтік желісі арқылы адамның көз жауын алар әдемі пейзаждың бірнеше суретін жібереді.

Арада күндер өткен сайын екі жастың сырға толы сұхбаттары жиілей түседі. Русланда Дамира дегенде өзгеше бір сезім пайда болады. Жауынгерлік қызметтен босаған кезде сүйген қызының үнін естігісі келеді. Бойжеткеннің де жүрегі шекара сақшысы дегенде алып-ұшып тұратын...

Мәңгілік бірге болуға сөз байласқан екі ғашық екі жақтың ата-анасының ақ батасын алып, қосылады. Махаббаттан басталған отбасында періште сәбилері дүние есігін ашады. Қазіргі кезде үлкен қызы Аруна алтыншы сыныпта оқыса, екінші қызы Алуа бесінші сыныпта оқиды. Ал кішкентай ұлы Әлинұр алты жаста.

Аға сержант Руслан Жалқыбаев шаңырағының ұйытқысы болумен қатар, әскери ұжымда да беделді. Старшина ретінде шекара бөлімшесінде офицерлік құрам үйінің құрылысына, ат қорасы мен моншасын жөндеуден өткізу жұмыстарын ұйымдастырған.

Майор М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

«ШЕКАРАҒА КЕЙДЕ ӨЗІМ СҰРАНАМЫН!..»

Шекара қызметі – өзінің көңілдері саф алтындай таза, ел шебіне сіңірген ерен еңбектерімен дараланатын ардагерлерімен мақтанады. Солардың бірі, Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты медициналық қамтамасыз ету бөлімінің медбикесі Раиса Сайдахметова.

Сыраттанып қалсаңыз, қасыңыздан табылатын, қысылғанда қол ұшын беретін медицина қызметкерлерінің бірі – медбике. Әдетте, дертіне дауа іздеген жандарға аялы алақанымен, ыстық жүрегімен қуаныш сыйлайтын медбикелер жайлы көп жазыла бермейді. Сосын да шекара басқармасының бас тәлімгері подполковник Мұратбек Искендірдің біздің жүзі жылы әріптесіміз туралы газетке жазсаңыздар деген ұсынысын бірден қолдай кеттік. Офицер айтқан медицина қызметкері жауапкершілігі мол, алғыр, кез келген науқастың көңілін шайдай ашатын қасиетімен даралардың бірі.

Раиса Жұмашқызының шекара басқармасындағы еңбек жолы 2000 жылдан бастау алады. Алматы қаласының сол кездегі медициналық училищесін

бітіріп, алдымен өзі туып-өскен өңірге оралып, аудандық ауруханасында өз мамандығына сай жұмыс істеуге кіріседі. Ал бұл – байырғы Шонжы шекара отряды орналасқан Ұйғыр ауданының орталығы Шонжы ауылы болатын.

«Жүздеріндегі жылылықты әскери формалары жасырып-жаба алмайтын шекарашы әріптестерім бізді – осындағы дәрігер, медбикелерді өздеріне магнитше тартып тұратын»...

– Өзім осы ауданға қарайтын Қырғызсай деп аталатын ауылданмын. Біздің аурухана шекарашыларға шұғыл медици-



налық көмек қажет болып қалса, бірден көмек қолын созатын. Әлі күнге дейін солай. Сондай күндердің бірінде мен Шонжы шекара отрядының лазаретінен шақырту алдым. «Бізге келіңіз», деп қолқа салды, – дейді біздің сұхбаттасуымыз. Шынымды айтсам, жүздеріндегі жылылықты әскери формалары жасырып-жаба алмайтын шекарашы әріптестерім бізді – осындағы дәрігер, медбикелерді өздеріне магнитше тартып тұратын. Өзімнің медициналық училищенен алған кіші әскери шенім бар... Неге келме-

ске? Оның үстіне өзімнің өмірлік қосағым да әскери қызметші. Тек, ол Шекара қызметінен емес, Қорғаныс министрлігінің осындағы әскери бөлімдерінің бірінде қызмет атқаратын. Сондықтан, маған әскерилердің өмірі етене таныс. Сөйтіп, шекарашылардың сапына қосылдым. Десе де қызметші болып. Өйткені, жолдасым қауырт қызметпен үй бетін көрмейді. Балалар болса жас. Содан «үйге бір әскери де жетеді», деп шекарашылардың формасын киюден сыпайы бас тартуға тура келген... Есесіне, әскери медициналық пунктін қарбалас өмірін өз басымнан өткердім. Қажет болса, әріптестеріммен бірге шекара шебіне аттанып, сарбаздарды дәстүрлік медициналық тексерудің медбикелер атқаратын жұмыстарына белсене араластым. Неге екенін, сондай сапарлар маған қатты ұнайтын... Әсірелеп айтқаным емес, біздің шекарашы офицерлер мен сарбаздар қызмет атқаратын шекараның бойы маған ерекше болып көрінетін... Әрине, өзі де сондай ғой, туған еліміздің шеті.

Бізбен осылай деп, ағынан жарыла сұхбаттасқан Раиса Жұмашқызы әдемі күлімсіреді.

Әріптестері білікті маман ретінде жоғары бағалайтын Раисаның медицинаға арнаған саналы ғұмырында қаншама адамның тағдыры, денсаулығы, маңдай тер мен алғыстар жатыр. «Жасына қарай ізет, еңбегіне қарай құрмет» деген сөз бар. Алматы облысы бойынша департаменті бастығының, шекара басқармасы басшылығының марапаттары аз иеленген жоқ.

...Мейірімді жүзімен, еңбекқорлығымен шекарашы сарбаз, офицерлердің құрметін иеленген біздің медбике ең бастысы үш қыз мәпелеп өсірген ана. Қыздары бүгінде өз бақыттарын тауып, бір-бір шаңырақтың отанасы айналған перзенттерінен алты немере сүйген бақытты әже.

Міне, шекараны сағынып тұратын медбике Раиса Жұмашқызы жайында айтарымыз осы. Иә, шекара – осындай жақсы адамдармен де дара, мамандығына қылау түсірмейтін осындай жандармен де ерек! Тамаша емес пе!

**Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**


ЛУЧШИЙ СПЕЦИАЛИСТ

Острота внимания и навыки профессионала

Данное мероприятие несет важное значение в службе пограничного контроля. Оно помогает участникам улучшить свои навыки и знания, повысить осведомленность о подделках, а также обеспечить более эффективный контроль в пункте пропуска. Это также способ сплочения и мотивации коллектива и создания здоровой конкуренции между контролерами.

По итогам соревнований, проведенных между контролерами на участке Департамента Пограничной службы КНБ по Павлодарской области «Лучшим контролером» оказался контролер отделения пограничного контроля «Шарбакты» (автомобильное) младший сержант Ардак Омиржанов.

– В ходе соревнований участники, получив три анкеты по два задания, столкнулись с различными видами испытаний: по знанию общих характеристик документов на примере паспорта гражданина Республики Казахстан, описанию выданного паспорта гражданина иностранного государства, по знанию руководящих документов и решению вводных задач, выявлению подделок в документах, а также идентификации личности. Задача участников – продемонстрировать свою способность быстро и точно анализировать каждый документ, обращая внимание на ключевые данные и детали. Все это требует от контролеров хороших знаний законодательства, навыков работы с



базами данных и системами проверки, а также внимательности к деталям, – рассказала руководитель соревнований старший консультант УПК департамента подполковник Екатерина Старцева.

Младший сержант Ардак Омиржанов – опытный контролер автомобильного пункта пропуска. Его профессионализм, ответственность и стремление к совершенству сделали его оптимальным кандидатом для данного соревнования. Он смог не только продемонстрировать свои навыки, но и подтвердить свою преданность службе и способность справляться с самыми сложными ситуациями в пункте пропуска.

Родился Ардак в мае 1992 года в поселке Майкаин Баянаульского района

Соревнования по проверке документов – это специальное мероприятие, которое проводится среди контролеров, чтобы проверить и улучшить их навыки и способности при проверке документов у лиц, пересекающих государственную границу. Это соревнование является не только инструментом для обучения и обмена опытом, но и способом повышения профессионализма и эффективности проверочной работы в пункте пропуска.

Павлодарской области. В 2008 году окончил среднюю школу им. А. Кунанбаева в с. Шарбакты. В 2008 году поступил в Павлодарский политехнический колледж, а после его окончания в ноябре 2012 года был призван на срочную воинскую службу в воинскую часть 2468 Пограничной службы КНБ в г. Алматы. Службу проходил в комендантском взводе роты ремонта, охраны и обеспечения. В августе 2014 года устроился на воинскую службу по контракту в Павлодарский пограничный отряд.

Первым подразделением пограничного контроля, где Ардак научился основам пограничного контроля стал пункт пропуска «Урлитобе» (автомобильный). В 2015 году был переведен в отделение

пограничного контроля «Шарбакты» (железнодорожное), а в мае 2017 года в отдел пограничного контроля «Астана» (авиационный), где за время службы получил основной багаж знаний по линии паспортного контроля. С 2019 года пограничник проходит службу в пункте пропуска «Шарбакты» (автомобильный).

Ардак один из тех, кто неумоимо вносит вклад для бесперебойной работы пункта пропуска. Он внимательно проверяет документы у лиц, проходящих паспортный контроль, с соблюдением всех законодательных требований и процедур. Его внимательность и профессионализм помогают предотвратить попытки незаконного пересечения границы и обеспечить общественную безопасность.

Однако, успех Ардака не ограничивается только профессиональными навыками. Его приветливость, тактичность и умение налаживать доверительные отношения с гражданами и коллегами делают его образцовым стражем границы. Он всегда готов помочь и ответить на вопросы, отражая важность обслуживания общества и обеспечения безопасности страны.

Впереди его ждет проверка знаний в финальных соревнованиях на «Лучшего контролера» Пограничной службы КНБ Республики Казахстан.

**Майор А. БАГДАТОВА,
«OS-ЧР». Фото автора.**

ПОДГОТОВКА РАЗВЕДЧИКА-ПОГРАНИЧНИКА в системе спецназа ГРУ

(по книге авторов (в прошлом бойцов спецназа ГРУ) Федора Заруцкого и Анатолия Тарас «Подготовка разведчика: система спецназа ГРУ», издания 1998 года)

(Начало в предыдущем номере)

Упражнение 27. Специальный комплекс приемов рукопашного боя.

Предназначен для уничтожения и пленения противника и включает приемы, предусмотренные комплексами РБ-1 и РБ-2, а также дополнительно следующие приемы:

1) Режущие и колющие (сбоку и прямо) удары ножом – наносятся быстрыми движениями вооруженной руки горизонтально, вертикально и по диагонали.

2) Загиб руки за спину.

Загиб руки за спину – захватить рукой кисть руки противника, другой рукой сверху – одежду у локтя и нанести удар ногой, вывести противника из равновесия рывком на себя, согнуть его руку в локтевом суставе, а затем загнуть за спину; нанести удар ребром ладони по шее, захватить рукой за воротник (у плеча), волосы или каску, и удерживая болевым воздействием, конвоировать противника (рис. 1).



Рис. 1

Для связывания свалить противника на землю, сесть на него, нанести удар по голове, плотно прижать захваченную руку и провести загиб другой руки, связать руки, затем связать ноги, оставив возможность для передвижения противника коротким шагом.

3) Рычаг руки наружу.

Рычаг руки наружу – захватить кисть противника двумя руками снизу, поднимая захваченную руку вверх, согнуть кисть к предплечью, нанести удар ногой, и выкручивая руку наружу, свалить противника на землю, нанести удар ногой, загнуть руки за спину, связать (рис. 2).



Рис. 2

4) Рычаг руки внутрь.

Рычаг руки внутрь – захватить предплечье руки противника двумя руками сверху снаружи, нанести удар ногой в голень или пах; рывком выкручивая руку внутрь, вывести противника из равновесия и подвести его плечо под свое плечо и нажимая им, – свалить противника; надавливая рукой на локтевой сустав, перевести руку на загиб за спину и сесть верхом на противника, провести загиб другой руки, связать (рис. 3).



Рис. 3

5) Задняя подножка.

Задняя подножка – захватив левой рукой одежду на левом плече противника, а правой – у левого локтя, нанести ему удар в пах, и осадить на впереди стоящую ногу. Одновременно сделать шаг правой ногой вперед вправо, перенося на нее центр тяжести тела. Подбивая левой ногой подкошенный сгиб ноги противника, бросить его на землю и нанести удар ногой. Для связывания



Рис. 4

и садясь на него, провести загиб руки за спину (рис. 4).

6) Бросок через спину.

Бросок через спину – захватить противника за руку, нанести удар ногой в голень (колени или пах), рывком потянуть его на себя вверх, быстро повернуться к нему спиной на согнутых ногах так, чтобы рука противника оказалась на плече; выпрямляя ноги и наклоняясь вперед, подбить его тазом, рывком рук вниз бросить на землю, нанести удар ногой, связать (рис. 5).



Рис. 5

7) Освобождение от захватов и обезоруживание с применением бросков и болевых приемов, названных выше.



Обезоруживание противника при уколе штыком с уходом влево, вправо.

Обезоруживание противника при уколе штыком с уходом влево (варианты):

– с шагом левой ногой влево (вперед – влево) и разворотом туловища направо отбить правой рукой и захватить оружие противника, сделать шаг правой ногой к левой ноге противника и захватить оружие левой рукой, нанести удар ногой в пах, провести заднюю подножку и обезоружить противника ударом ногой по руке, державшей оружие;

– прыжком уйти влево от укола, отбивом захватить оружие двумя руками, нанести удар в пах (в колено с боку), вырвать оружие;

– с шагом левой ногой вперед – влево с одновременным поворотом туловища вправо на носке правой ноги, уйти с линии атаки и вкручивающим движением внешней частью предплечья правой руки наружу провести автомат по направлению его движения и захватить его сверху, подбивая левым предплечьем приклад снизу – вперед, а затем круговым движением вверх (заводя под плечо) с одновременным движением правой руки сверху – вниз обезоружить противника.

Обезоруживание противника при уколе штыком с уходом вправо:

с шагом правой ногой вперед – вправо с одновременным туловищем влево, отбить ствол оружия противника левой рукой и захватить его; нанести одновременно удар наотмашь по лицу (горлу), а правой ногой в колено сбоку ноги противника, вырвать оружие и нанести противнику удар прикладом.



Обезоруживание противника при ударе ножом сверху

Обезоруживание противника при ударе ножом:

прямо – отбить предплечьем внутрь вооруженную руку противника и захватить его за предплечье (можно нанести удар ногой), провести рычаг руки наружу, обезоружить;

сверху – защититься подставкой предплечья руки вверх под вооруженную руку противника на замахе,

захватить другой рукой предплечье противника сверху (можно нанести удар ногой), провести рычаг руки внутрь, обезоружить;



Обезоруживание противника при ударе ножом снизу

снизу – с шагом вперед встретить вооруженную руку противника подставкой предплечья вниз, захватив другой рукой сверху одежду у локтя, нанести удар ногой в пах или колено, провести загиб руки за спину и обезоружить противника;



Обезоруживание противника при ударе ножом наотмашь

наотмашь – с шагом вперед в сторону и поворотом к противнику защититься подставкой предплечий под вооруженную руку, захватить руками предплечье сверху и нанести удар ногой в колено (голень); провести рычаг руки внутрь, обезоружить.

Обезоруживание противника при угрозе пистолетом:



Обезоруживание противника при попытке достать пистолет из кобуры (кармана)

при попытке достать пистолет из кобуры (кармана) – с шагом (выпадом) вперед просунуть кисть между предплечьем и туловищем противника, другой рукой захватить ее снаружи (соединить руки в замок), нанести удар коленом, провести загиб руки за спину, обезоружить;

при попытке достать пистолет из-за пояса брюк (кобуры спереди) – с шагом вперед захватить кисть противника, нанести удар ногой, провести рычаг руки



наружу и обезоружить;

Обезоруживание противника при угрозе пистолетом в упор спереди, сзади

в упор сзади – с поворотом кругом отбить предплечьем вооруженную руку противника и захватить ее двумя руками сверху, нанести удар ногой, провести

(Продолжение в следующем номере)

Подготовил полковник Е. КОСТЕНКО.

В ДУХЕ СОПЕРНИЧЕСТВА И РЕШИМОСТИ

В спортивном состязании приняли участие сотрудники и военнослужащие правоохранительных, специальных и силовых структур Республики Казахстан, в том числе и сборная команда Пограничной службы КНБ.

На татами сразились более 30 команд, представленных 217 спортсменами, среди которых было 5 чемпионов мира, 9 мастеров спорта международного класса, заслуженный мастер спорта и 3 мастера спорта Республики Казахстан. На мероприятии присутствовали представители областного и городского акиматов, руководство силовых структур, ветераны спорта и преданные болельщики.

Торжественную часть открыл первый заместитель акима области Жумабай Каргабаев, который поздравил спортсменов с праздником и пожелал им удачи в достижении новых высот.

В течение двух дней самбисты бились за право быть лучшими.

В честь Дня Республики в спортивном комплексе «Халык Арена» г. Актау прошла X Межведомственная спартакиада по борьбе самбо Министерства внутренних дел РК и Общественной организации ФКО «Динамо».



Болельщики скандировали лозунги своих команд, а спортсмены прилагали максимум усилий, чтобы добиться победы. Борьба на татами была интенсивной и захватывающей, наполняя атмосферу духом соперничества и решимости.

По итогам соревнований команда департамента полиции Мангистауской области заняла призовое первое место. На втором месте расположилась команда г. Астаны, на третьем – команда

спортсменов из г. Алматы.

По результатам межведомственной спартакиады общества «Динамо» победителем стала команда МВД. Второе место досталось спортивному обществу «Динамо», а третье место заняла команда Национальной гвардии.

Отличились и военнослужащие пограничного ведомства. В личном первенстве рядовой Мурат Дошахаев (ДПС по Атырауской области) и старший сержант Болат

Ракишов (ДПС по области Жетысу) стали бронзовыми призерами в весовых категориях до 58 и 98 кг соответственно.

Победители и призеры были награждены медалями, дипломами, кубками, а также памятными подарками. Отдельно была отмечена работа судей и организаторов соревнований.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР». Фото автора.

АЛДЫН АЛУ

Жаман айтпай, жақсы жоқ

Кез келген әскери сала жеке құрам, қару-жарақ және құпия сынды үш негізгі құрамдас бөліктен құралатындығы барлығымызға белгілі. Алайда, солардың ішінде адам ресурстары ең маңызды элементі екендігі айтпаса да түсінікті. Сондықтан Шекара қызметінің күн тәртібінде тұрған маңызды міндеттерінің бірі - жеке құрамның өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігінің сақталуын қамтамасыз ету.

Осы ретте, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің жеке құрамына арналған профилактикалық іс-шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Осындай алдын алу жұмыстарының аясында ҚР ҰҚК Әскери полиция қызметкерлері департаменттің барлық әскери қызметшілерімен клуб төрінде кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қауіпсіз қызметті көздеген шарада әскери тәртіп сақшылары әскери тәртіп пен құқықтық тәртіпті сақтаудың маңыздылығын атап өтті.

Шекарашылардың басын қосқан жиындағы маңызды тақырыптардың бірінде құмар ойындарына қатысты мәселелер де қозғалды. Құмарлық ойындары соңғы уақытта көптеген адамдардың мамыражай өмірін



тас-талқан етті. Ондайлар тіпті өз өмірін бұзып қана қоймай, ет жақындары мен таныстарының мазасын қашырып, ақыр соңында үй-күйсіз жападан-жалғыз қалып жатқандары баршылық. Сондықтан қызметке кері әсерін тигізбеуі үшін адам баласын азғырар құмарлық ойындарынан алшақ болуды баса айтты.

Миды уландырып, теріс жолға түсіретін құрамында алкогольі бар ішімдіктерден аулақ болуды да ескертті. Ащы суды тұтынудан шектеу қойғандықтарын абзал екендіктерін жеткізді. Аталған ішімдіктерді сусындатып ұрттай бергеннің салдарынан уақыт өте келе тәуелділік

пайда болып, қызметтік тәртіпті бұзудан бөлек қылмыстық құқықбұзушылықтарға алып келетіндігін сөзге тиек етті.

Жастардың арасында белгісіз адамдармен жақын бір реттік қарым-қатынасқа түсудің қауіптілігі де өзекті мәселелердің біріне айналып отырғандығын жасырмады. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, мұндай қарым-қатынастардың түбі денсаулықтың бұзылуына, тіпті қылмыстық істерге әкелуі мүмкін екендігін баса айтты.

Жиын соңында әскери қызметшілерге қызмет барысы мен күнделікті өмірде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуді ескертті. Әскери полиция қызметкерлері мұндай мінез-құлық мемлекеттік қызметкерлерге жат екендігі мен беделіне нұқсан келтіретіндігін баса айтты. Сондықтан кез келген заңсыз ұсыныстар мен әрекеттерден бас тартуға шақырды.

Әскери полиция қызметкерлері түсіндірме жұмыстарынан кейін департамент аумағындағы тәуелділік нарядтардың қызмет атқаруларын тексеріп, әрқайсыларымен тиесілі нұсқама жұмыстарын жүргізді. Нарядтар құрамын қызметті қырағылықпен атқарып, белгіленген ережелерді сақтауға шақырды. Қызмет барысында тәртіп пен ережелерді сақтау – қауіпсіздік пен тыныштықтың кепілі.

Капитан Т. СЕРІКҚАЛИЕВ, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

ОТАН SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63 үй.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: os-shekar@yandex.kz
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор МҰА: Рауан Қабдолданов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Азамат Мұханов, Бахтияр Сулейменов,
Әсел Бейімбетова, Жанар Кемел, Бауыржан Қиянбеков,
Олжас Жақсылықов, Аян Қайыр, Өмірбат Айтәлі.

Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Павлодар - Анар Бағдатова
Жетісу - Манарбек Қарекенов

Шымкент - Рауан Нұрмет
Қызылорда - Темірлан Серікқалиев
Өскемен - Ғалымжан Бакетов

Фототілші: Асхат Сәбиев
Компьютерлік безендіру және беттеуші:
Айдос Қырғызбаев
Корректорлар: Роллан Абдрайымов, Әсел Мұртбаева
Нөмірдің кезекші редакторлары:
майор А. Мұханов, капитан О. Жақсылықов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзлікті
2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Ел ертеңі – жалынды жастар

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжі ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментімен бірлесіп, екінші дүниежүзілік соғысының батыры, қаһарман қазақ қызының 101 жылдығына орай «Мәншүк ерлігі – өшпес өнеге» атты салтанатты шара өтті.

Еске алу рәсіміне жиналған құрметті қонақтар қатарында күштік құрылым ардагерлері мен әскери қызметшілер, колледж ұжымының өкілдері мен басқа да құрметті қонақтар болды. Салтанатты шара батыр қыздың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздікпен еске ала отырып ерлігіне тағзым етумен басталды.

Жиналған қауымның алдында сөз сөйлеген колледж директоры Жаксыгүл Тоғанова Мәншүктің майдан алаңында елі мен жерін жанқиярлықпен қорғап, ұрыс даласында қаза тапқан батыр қызды бір жылдың көлемінде ғана ұлықтамай, өске-

лең ұрпаққа үлгі ретінде әр күні насихаттау қажеттігін атап өтті.

Шара барысында «Шекарашының жас досы» әскери-патриоттық клубының салтанатты ашылуы өтіп, аталған білім ошағының 50-ден астам шәкірті өз міндеттерін адал да батыл атқаруға ант беріп, осы патриоттық клубтың мүшелері атанды.

Ант қабылдаған еліміздің ертеңгі қорғандарын облыстың ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы Қайрадин Баймағанов, шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облысы бойынша филиалының төрағасы Асан Беркімбекұлы және басқа да бірқатар қонақтар жаңа басқан қадамдарымен құттықтап, жас шекарашы-



ларға сәттілік тіледі.

Көрермендердің қолдауы мен қошеметінің белгісі ретінде колледж студенттері патриоттық әндер шырқап, департаменттің әскери қызметшілері мен оқу ордасының жас спортшылары өздерінің қоян-қолтық ұрыс түрінен өнерлерін көрсетті.

Салтанатты шарадағы өнерлі жастардың көріністерінен кейін «Шекарашының жас досы» әскери-патриоттық үйірмесінің жаңа мүшелері батыр қызымыздың рухына құрмет ретінде Мәншүк Мәметова маршымен саптық алаң ортасын бойлай өтіп, өз Отандарын қорғауға дайын екендіктерін көрсетті. Шара соңы акт залда тәжік-ауған шекарасында интернационалдық борышын өтеу кезінде ерлікпен қаза тапқан шекарашы Раджан Батырхановтың өмірі туралы деректі фильмінің көрсетіліміне ұласты.

Капитан Т. СЕРІКҚАЛИЕВ,
«ОС-ЧР». Суреттерді түсірген автор.



СОРЕВНОВАНИЯ

Лучшие среди лучших

Организаторами соревнований выступили координаторы программы БОМКА и КАДАП в Республике Казахстан в сотрудничестве с Центральным аппаратом Пограничной службы КНБ и военнослужащими Управления служебной кинологии.

Соревнования проходили среди Пограничной службы КНБ, Агентства по финансовому мониторингу, Центра повышения квалификации и переподготовки военнослужащих Пограничной службы ГКНБ Кыргызской Республики, а также отдела кинологической подготовки учебно-специализированной таможни Государственной таможенной службы при Министерстве финансов Кыргызской Республики.

Почетными гостями на столь знаменательном мероприятии были представители программы БОМКА в Центральной Азии и Казахстане, кинологического центра МВД РК и Агентства по финансовому мониторингу РК.

В качестве независимых экспертов привлекались сотрудники Службы «А» КНБ и СГО РК.

По итогам соревнований по поиску наркотических средств первое место завоевал сержант Б. Байтымбетов (ПС КНБ РК). Второе место досталось ефрейтору Г. Жекебатыр (ПС КНБ РК). Бронзовым призером стал Ж. Кулыбеков (АФМ РК).

По поиску взрывчатых веществ победителем стал лейтенант А. Жексеналиев (ПС КНБ РК). Серебро завоевал старший сержант Б. Сарсенов (ПС КНБ РК). Тройку призеров замкнула майор юстиции Н. Гладкова (ОКП УСТ Государственной таможенной службы при МФ КР).

Большой вклад в развитие служебной кинологии нашей страны вносит в своем роде уникальное подразделение Пограничной службы КНБ – Управление служебной кинологии. Это подтверждает очередная победа в международных соревнованиях кинологов по поиску наркотических средств и взрывчатых веществ, посвященных 20-летию программ Европейского Союза БОМКА и КАДАП, которые прошли 13 октября на базе Управления служебной кинологии.



Призерам и участникам были вручены кубки, медали, сертификаты и памятные подарки от программы БОМКА.

Гости и независимые эксперты отметили, что соревнования прошли на высоком организационном и методическом уровне, и выразили восхищение работой кинологов и служебных собак Пограничной службы Казахстана.

С гордостью можно отметить, что казахстанские военнослужащие выступили достойно и в очередной раз доказали, что методика подготовки кинологов и служебных собак в Пограничной службе КНБ является одной из лучших не только в Казахстане, но и за его пределами.

Подполковник Е. ПОПКОВ,
УСК ПС КНБ.